



Ректордың
2020 жылғы 27 сәуірдегі
№ 6002-20-7-8/53 бұйрығымен бекітілген
Ғылыми кеңес шешімімен келісілген
2020 жылғы 6 сәуірдегі № 13 хаттамасы

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Академия) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнаманың орындалуын бақылау жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) мәртебесін, өкілеттіктерін, міндеттері мен функцияларын айқындайды және оның қызметін регламенттейді.

2. Комиссияның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, сондай-ақ осы Ереже және Академияның басқа да құқықтық актілері негізінде жүзеге асырылады.

3. Осы Ережеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың және оған қарсы күрестің, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зардаптарын барынша азайту мен жоюдың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері белгіленеді.

4. Комиссия Академияның тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады, ол жұмысты заңдылық, жариялылық, алқалылық, жариялылық негізінде жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнаманы, Академияның ішкі тәртіп қағидаларын (бұдан әрі-қағидалар), сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық қағидаларын, кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде меритократия қағидаларын сақтау, Академияда сыбайлас жемқорлық сипатындағы көріністерді шектеу;

2) Комиссия отырыстарында Академия оқытушылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, ережелерді бұзуының жекелеген фактілерін қарау және кінәлі адамдарға тиісті шаралар қабылдау;

3) сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және олардың орындалуын бақылау;

4) Академиядағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы орындау бойынша іс-шараларды ұйымдастырады.

5. Комиссия құрамы Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия құрамына Академияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіреді.

6. Комиссия отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

7. Комиссия отырысы оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп танылады. Комиссия отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оны Комиссия хатшысы жүргізеді.

2. Комиссияның міндеттері

10. Комиссия міндеттері болып:

1) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;

2) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Академияның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау;

3) өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың іске асырылу тиімділігіне бағалау жүргізу;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Академияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін талдау болып табылады.

3. Комиссияның функциялары мен өкілеттіктері

11. Комиссия оған сәйкес жүктелген міндеттермен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға бағытталған тапсырмаларын орындау жөнінде шаралар қабылдайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы лауазымды адамдардың тиісінше орындамауы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері бойынша қызметтік тергеулерге бастамашылық жасайды және жүргізеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәжірибесін таратады және қорытады.

11. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Академияның комиссиясы:

1) отырыстарды жұмыс жоспарына сәйкес өткізеді, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес;

2) Академия оқытушылары мен қызметкерлерінен қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді;

4) Академияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгі ережелеріне сәйкес ішкі талдау жүргізеді (*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы*);

5) Комиссия мүшелерінің және шақырылған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуы туралы ақпаратын тыңдайды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелерін қарайды;

6) құрылымдық бөлімшелердің басшыларына Академия қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді, сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жою мақсатында шаралар қабылдауды ұсынады;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері және оқытушылар мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы тиісінше орындамауы бойынша қызметтік тексерулердің қорытындылары бойынша академия ректорына тәртіптік жаза шараларын қолдану туралы ұсыныс енгізеді.;

8) Академиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуы бойынша істердің жай-күйін жылына кемінде бір рет талдайды.

12. Комиссия Төрағасы:

1) Комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

2) Комиссияның жұмыс жоспарын бекітеді және оның орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Комиссия отырыстарының күн тәртібін айқындайды;

4) оқытушылар мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және қағидаларды бұзу фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

5) Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған өзге де шараларды қабылдайды.

4. Қызметтік тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі

13. Қызметтік тексеру комиссия төрағасының шешімі бойынша жүргізіледі:

- 1) баяндамалық, қызметтік жазба негізінде;
- 2) өзге жағдайларда.

14. Қызметтік тексеру оны ұйымдастырған сәттен бастап бір айдан кешіктірілмей аяқталуы тиіс. Қызметтік тексеру жүргізу мерзіміне оған қатысты қызметтік тексеру жүргізілетін қызметкердің демалысы немесе науқастануы кезеңі кірмейді.

15. Қызметтік тексеру нәтижелері бойынша жиналған материалдар, оларды зерделеу және талдау негізінде комиссияға ұсынылатын жазбаша қорытынды жасалады.

16. Қызметтік тексеру аяқталғаннан кейін Барлық материалдар (бұйрықтардың көшірмелері, түсініктеме, қызметтік және баяндамалық жазбалар және т.б.) Комиссия хатшысында сақталады.

4. Комиссия мүшелерінің жауапкершілігі

17. Міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін комиссия мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.